

БЕКІТІЛГЕН

«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ
Басқармасының шешімімен

2026 жылғы «18» маусымдағы хаттама



ПРЕЙСКУРАНТ

магистратураның білім беру бағдарламалары бойынша ақылы оқу құны
«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ
шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін
2026–2027 оқу жылына

Білім беру саласының коды және жіктелуі	Даярлау бағыттарының коды және жіктелуі	Білім беру бағдарламалары тобының коды және атауы	«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ-ның білім беру бағдарламасының коды мен атауы		Оқу мерзімі	Бір білім алушыға (шетел азаматына немесе азаматтығы жоқ адамға) арналған бір оқу жылындағы базалық оқу құны, АҚШ доллары (USD)
7M01 Педагогикалық ғылымдар	7M017 Тілдер және әдебиет бойынша педагогтарды даярлау	M019 Шет тілі педагогтерін даярлау	7M01711	Шетел тілі педагогтарын даярлау (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	3 190
			7M01712	Шетел тілі педагогтарын даярлау (бейіндік)	1 жыл	3 190
7M02 Өнер және гуманитарлық ғылымдар	7M022 Гуманитарлық ғылымдар	M055 Шығыстану	7M02211	Шығыстану (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	2 790
	7M023 Тілдер және әдебиет	M056 Аударма ісі, ілеспе аударма	7M02311	Аударма ісі (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	2 990
			7M02316	Ілеспе аударма (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	2 990
		M059 Шетел филологиясы	7M02313	Шетел филологиясы (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	2 990
7M03 Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	7M031 Әлеуметтік ғылымдар	M064 Халықаралық қатынастар	7M03111	Халықаралық қатынастар (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	2 990
	7M032 Журналистика және ақпарат	M067 Журналистика және репортер ісі	7M03211	Журналистика (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	2 790
7M11 Қызмет көрсету	7M111 Қызмет көрсету саласы	M147 Туризм	7M11111	Туризм (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	2 790
		M149 Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі	7M11113	Мейрамхана ісі және мейманхана бизнесі (ғылыми-педагогикалық)	2 жыл	2 790

ЕСКЕРТПЕЛЕР:

- Осы Прейскурант 2026–2027 оқу жылында магистратураның білім беру бағдарламаларына ақылы негізде оқуға түсетін шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдарға қолданылады.
- Осы Прейскурантта белгіленген оқу құны магистратураның тиісті білім беру бағдарламасы бойынша бір оқу жылына арналған базалық оқу құны болып табылады.

3. Оқу құны АҚШ долларымен (USD) белгіленген. Осы Ескертпелердің 4-тармағында көзделген жағдайды қоспағанда, білім беру қызметтерін көрсету шартының валютасы және төлем валютасы АҚШ доллары (USD) болып табылады. Төлем тәртібі мен мерзімдері білім беру қызметтерін көрсету шартымен және Университеттің ішкі нормативтік құжаттарымен айқындалады.
4. Қазақстан Республикасының валюталық реттеу және валюталық бақылау туралы заңнамасына сәйкес Қазақстан Республикасының резиденттері болып танылатын, Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетел азаматтары мен азаматтығы жоқ адамдар үшін оқу құны қазақстандық теңгемен белгіленеді және төленеді. Қазақстандық теңгедегі оқу құны осы Прейскурантта АҚШ долларымен (USD) белгіленген тиісті оқу құнын 1 USD = 490 KZT есептік коэффициентін қолдана отырып қайта есептеу жолымен айқындалады. Қайта есептеу нәтижесінде айқындалған қазақстандық теңгедегі оқу құны білім беру қызметтерін көрсету туралы шартта белгіленеді және тиісті оқу жылы ішінде АҚШ долларының қазақстандық теңгеге қатысты ресми, биржалық немесе өзге де бағамының кейіннен өзгеруіне байланысты өзгермейді. Мұндай шарт бойынша барлық есеп айырысу қазақстандық теңгемен жүзеге асырылады.
5. Академиялық топтар (лектер) Университетпен қабылдаудың нақты нәтижелері, білім алушылар саны, білім беру бағдарламаларының мазмұны, кадрлық қамтамасыз ету және Университеттің ұйымдастырушылық мүмкіндіктері ескеріле отырып қалыптастырылады. Білім алушылар саны жеткіліксіз болған жағдайда Университет тиісті білім беру бағдарламаларының талаптары, академиялық кредиттер көлемі және жоспарланған оқыту нәтижелері сақталған жағдайда жекелеген пәндер бойынша біріктірілген академиялық топтарды (лектерді) қалыптастыруға құқылы.
6. **«Абылай хан атындағы Қазақ халықаралық қатынастар және әлем тілдері университеті» АҚ-ның бакалавриат және магистратура түлектері үшін, оқу бітірген жылына қарамастан, магистратураның білім беру бағдарламаларына ақылы негізде оқуға түскен кезде Alumni Program шеңберінде бірінші оқу жылына арнайы оқу құны Университеттің жеке ішкі актісінде айқындалған тәртіппен және шарттармен белгіленуі мүмкін. Магистратура түлектері үшін Alumni Program арнайы шарттары магистратураның өзге білім беру бағдарламасына оқуға түскен кезде қолданылады.**
7. Оқу құнының арнайы шарттары, қаржылық қолдау шаралары және төлемнің өзге де ерекше шарттары Университеттің ішкі актілеріне сәйкес белгіленеді және білім беру қызметтерін көрсету шартында көрсетіледі.
8. Пәннің білім беру бағдарламасын қайта меңгеруді көздейтін жағдайларда оқу пәндерін (модульдерді) қайта оқу құны, академиялық айырмашылықты жою кезінде қосымша пәндерді (модульдерді) және академиялық кредиттерді меңгеру құны, сондай-ақ ақылы негізде көрсетілетін өзге де қосымша білім беру қызметтерінің құны Қазақстан Республикасының заңнамасына және Университеттің Академиялық саясатына сәйкес жеке прейскуранттармен және (немесе) Университеттің ішкі актілерімен айқындалады.